# Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының жыл сайынғы сыртқы аудитін жүргізу үшін тәуелсіз аудиторды таңдау жөнінде конкурстық комиссия құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 30 маусымдағы № 402 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару жөніндегі кеңес мүшелерінің ұсыныстарын ескере отырып, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының жыл сайынғы сыртқы аудитін жүргізу үшін тәуелсіз аудиторды таңдау жөнінде конкурс өткізу үшін мынадай құрамда комиссия құрылсын:

| | |
|---|---|
| Шолпанқұлов Берік Шолпанқұлұлы | Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі, төраға |
| Биниязов Дархан Берікұлы | Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Бюджеттік кредиттеу, Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры және қаржы секторы мәселелері бойынша өзара іс-қимыл департаменті директорының орынбасары, төрағаның орынбасары |
| Сәрсенбай Ержан Нұрланұлы | Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі Мемлекет міндеттемелерін басқару және қаржы секторын дамыту саясаты департаментінің директоры |
| Байғожина Айгүл Мырзатайқызы | Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті төрағасының орынбасары |
| Карашөкеев Ербол Шырақпайұлы | Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі Әлеуметтік-экономикалық мониторинг бөлімі меңгерушісінің орынбасары (келісім бойынша) |
| Перепечина Ольга Владимировна | Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаты Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі (келісім бойынша) |
| Өксікбаев Омархан Нұртайұлы | Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі (келісім бойынша) |
| Мұхаметкәрім Айгүл Мұхаметкәрімқызы | Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің мүшесі (келісім бойынша) |
| Мұхамеджанов Әділ Нұрланұлы | Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Монетарлық операциялар департаменті директорының орынбасары (келісім бойынша) |

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Үкіметінің 16.08.2017 № 488 қаулысымен

2. Конкурстық комиссия заңнамада белгіленген тәртіппен 2017 жылғы 1 қыркүйекке дейін Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының 2017 – 2018 жылдарға

арналған жыл сайынғы сыртқы аудитін жүргізу үшін тәуелсіз аудиторды таңдау жөніндегі конкурсты өткізсін және оның нәтижелері бойынша конкурс жеңімпазын айқындасын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*
*Премьер-Министрі* *Б.Сағынтаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК